

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 мамырдағы N 652 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 22 тамыз N 1045

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Директивтік кредиттер және өзара қарызды ішкіреспубликалық есептеу нәтижесі бойынша берілген кредиттер жөніндегі заңды тұлғалардың берешектерін сату туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 мамырдағы N 652 P960652\_ қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 24, 207-бап) бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік арқылы заңды тұлғалардың директивтік кредиттер және өзара қарызды ішкіреспубликалық есептеу нәтижесі бойынша берілген кредиттер жөніндегі берешектерін сатуға әзірлеу тәртібіне мынадай толықтырулар енгізілсін:

мынадай мазмұндағы III тараумен толықтырылсын:

"III. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік саудаластығына қойылған заңды тұлғалардың есептеу тәртібі

4. Заңды тұлғалардың директивтік кредиттер және өзара қарыздарды ішкіреспубликалық есептесу нәтижесі бойынша берілген кредиттер жөніндегі талап қоюға ұсынылған берешектер көлемі кредиттік шарттарға сәйкес есептеледі.

5. Заңды тұлғалардың Агенттік саудаластығына қойылған директивтік кредиттер жөніндегі берешектер көлемі негізгі қарыздар мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің арнаулы қарыз шотына дебеттелген проценттер сомасынан, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қолданылып жүрген қайта қаржыландыру ставкасы бойынша дебеттелген негізгі қарыз сомасына қосымша проценттен құралады.

6. Агенттік саудаластығына қойылған өзара қарыздардың ішкіреспубликалық есебінің нәтижелері бойынша берілген кредиттер бойынша заңды тұлғалардың берешектерінің көлемі аталған кезеңде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолданылып жүрген қайта

қаржыландыру ставкалары бойынша есептелген негізгі қарыз бен проценттердің сомасынан қалыптасады, бұған баланстан тыс есепке жатқызылған сәттен бастағандағы жылдық проценттердің 20 проценті қосылады.

7. Есептесулер 1996 жылғы 15 қыркүйектегі жағдай бойынша әзірленеді".

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК